

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының ресми ақпаратты беру және жариялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 маусым N 811. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1460 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1460 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 2000 жылғы 8 желтоқсандағы төртінші отырысының хаттамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының ресми ақпаратты беру және жариялау ережесі бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік органдардың басшылары "Ресми газетте" және "Официальная газетада" жариялау үшін ресми ақпараттың уақытылы берілуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2001 жылғы 12 маусымдағы N 811
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының ресми ақпаратты беру және жариялау ережесі

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес әзірленген. P070598

2. Ереже орталық мемлекеттік органдардың қызметі туралы инвесторлар мен іскерлік орта өкілдеріне кең ауқымды ақпарат беруге, Қазақстан Республикасының жағымды инвесторлық бейнесін қалыптастыруға бағытталған.

3. Ресми ақпарат жариялау арқылы мемлекет өз қызметімен жеке және заңды тұлғаларды таныстыру жөніндегі өзінің мемлекеттік өкілеттіктен ажыратылмайтын және тікелей міндеттерін іске асырады.

4. Осы Ереже басқа бұқаралық ақпарат құралдарының, өзге де жеке және заңды тұлғалардың заңнамада белгіленген тәртіппен ресми ақпарат алу

қ ұ қ ы қ т а р ы н

к е м с і т п е й д і .

5. Осы Ережеге сәйкес орталық мемлекеттік органдар мынадай ресми ақпарат түрлерін ұсына алады: мемлекеттік органның қызметі туралы ресми жаңалықтар (баспасөз- релиздері); мемлекеттік органдар қызметі туралы алда болатын оқиғалардың ресми күнтізбесі; ресми сапарлар туралы ақпараттық хабарлар; жоғарыда көрсетілген құжаттарға түзетулер, өзгерістер және толықтырулар; әзірленетін, қабылданатын нормативтік құқықтық кесімдер туралы ақпараттық хабарлар; тендерлер және конкурстар жариялау (мемлекеттік сатып алу туралы, сауда-саттық туралы) туралы хабарламалар; нормативтік құқықтық кесімдер; ресми сипаттағы орталық мемлекеттік органдардың қызметі туралы басқа да а қ п а р а т т ы қ х а б а р л а р .

6. Ресми хабарламалар "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына сәйкес ұсынылады және жарияланады.

Нормативтік құқықтық кесімдер "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ресми жарияланады.

7. Уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар, олардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен, сондай-ақ осы органдар мен лауазымды тұлғалардың мәртебесін анықтайтын, қолданыстағы заңнамада белгіленген құзыретіне сәйкес жариялау үшін ресми ақпараттарды ұсынуға м і н д е т т і .

8. Сол немесе өзге ақпаратты жариялаудың орындылығы немесе қажеттілігі, оның көлемі мен форматы туралы шешімді орталық мемлекеттік органдардың б а с ш ы л а р ы қ а б ы л д а й д ы .

9. Орталық мемлекеттік органдардың ресми ақпарат беруі:

Қазақстанның біртұтас ақпараттық кеңістігінің толассыз жұмыс істеуіне, оның әлемдік байланыс және информатика жүйесіне енуіне; ақпаратты, оның ішінде мемлекеттік ресурстарды қорғаудың ұлттық жүйесін н ы ғ а й т у ғ а ;

жеке және заңды тұлғалардың өзара жауапкершілігі мен мүдделері т е ң г е р і м і н і ң с а қ т а л у ы н а ;

мемлекеттік құпиялар мен өзге де заңмен қорғалатын құпия саласында заңнамада көзделген шектеулер сақталған кезде қоғамдық пікір мен ж а р и я л ы л ы қ т ы е с к е р у г е ;

мемлекеттік биліктің беделін қолдауға және Қазақстан Республикасының беделін түсіруге ықпал ететін және мемлекеттік қызметтің мүдделеріне қайшы келетін іс-әрекеттерге, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне жол б е р м е у г е ;

мемлекеттік органдарда болып жатқан оқиғалар туралы инвесторларды х а б а р д а р е т у г е ж ә р д е м д е с у і т и і с .

10. Орталық мемлекеттік органдар тек мемлекеттік құпиялары және заңмен қорғалатын өзге де құпиясы жоқ ресми ақпаратты ғана беруге міндетті.

11. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабына сәйкес нормативтік құқықтық кесімдерге түсініктемелер мен түсіндірмелерді ресми жариялау тек түсіндірмелер мен түсініктемені берген мемлекеттік органның шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады.

12. Ресми хабарламаларда жеке немесе заңды тұлғаларды тікелей немесе жанама жарнамалауға жол берілмейді.

13. Ресми ақпарат беруді немесе оның жоқтығы туралы хабарлауды мемлекеттік органдар кемінде аптасына бір рет жүзеге асыруға тиіс.

14. Мемлекеттік органдар жариялау үшін беретін ресми ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жазбаша түрде жазылуы және оған орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оның орнындағы адам қол қоюы тиіс.

15. Жеке-дара өкімдік қызметті жүзеге асыратын лауазымды адам ресми ақпараттың растығына және уақытында берілуіне жауап береді.

16. Ресми ақпарат беруден бас тартуға заңнамада белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

17. Ресми ақпаратты жариялау құқығы бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін реттеу өкілеттігіне жататын мемлекеттік орган өткізетін тендердің нәтижесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша бұқаралық ақпарат құралына (бұдан әрі - Баспагер) беріледі.

18. Баспагер үшін:

орталық мемлекеттік орган белгіленген тәртіппен берген бүкіл ресми ақпаратты орынды мерзімде міндетті түрде жариялау;

орталық мемлекеттік органдардың ресми ақпараты мен жарнаманы қоспағанда, осы басылымда кез келген өзге де редакциялық материалдардың болмауы міндетті шарттар болып табылады.

19. Ресми хабарламаның мәтінін жариялау корректорлық және редакторлық түзету мен қысқартусыз жасалуға тиіс. Баспагердің қандай да бір түсініктеме жасауына жол берілмейді.

20. Орталық мемлекеттік органның бүкіл ресми ақпаратын жариялау республикалық бюджет қаражатын тартусыз жүзеге асырылады.

21. Баспагер өз қаражаты есебінен және мәтін аудармасының ресми еместігіне міндетті түрде сілтеме жасай отырып, орталық мемлекеттік органдардан алынған ақпаратты кез келген шет тілінде жариялауға құқылы.

Мамандар: Багарова Ж.А. Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК